

**Табиғат пайдалануға рұқсат беру, рұқсат беруден бас тарту, оның қолданылуын тоқтата тұру және жою ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 қыркүйектегі N 1154 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 қаңтардағы N 29 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.01.18. N 29 ( алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

*Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.09.27. N 928 қаулысымен.*

"Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңының 7-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қ а у л ы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған Табиғат пайдалануға рұқсат беру, рұқсат беруден бас тарту, оның қолданылуын тоқтата тұру және жою ережесі бекітілсін.

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.09.27. N 928 қ а у л ы с ы м е н .*

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 6 қыркүйектегі

N 1154 қаулысымен

бекітілген

*Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.09.27. N 928 қаулысымен.*

**Табиғат пайдалануға рұқсат беру, рұқсат беруден бас тарту, оның қолданылуын тоқтата тұру және жою ережесі**

*Ескерту. мәтінде "қоршаған ортаны ластауға рұқсаттар", "қоршаған ортаны ластауға рұқсат" деген сөздер тиісінше "табиғат пайдалануға рұқсаттар", "табиғат пайдалануға рұқсат" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2006.09.27. N 928 қаулысымен.*

**1. Жалпы ережелер**

Табиғат пайдалануға рұқсат беру, рұқсат беруден бас тарту, оның қолданылуын тоқтата тұру және жою ережесі "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңының ережелеріне сәйкес әзірленді.

*Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.27. N 928 қаулысымен.*

1. Табиғат пайдалануға рұқсат беру, рұқсат беруден бас тарту, оның қолданылуын тоқтата тұру және жою ережесі (бұдан әрі - Ереже) табиғат пайдалануға рұқсаттар (бұдан әрі - рұқсат) беру жөніндегі, беруден бас тарту, тоқтата тұру және жою тәртібін анықтайды және арнайы табиғат пайдалану тәртібімен табиғат пайдалануды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларға қойылатын жалпы талаптарды қамтиды. <\*>

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.09.27. N 928 қаулысымен.*

2. Табиғат пайдаланудың нақты мерзімі және көлемі, нормалары, шарттары көрсетілген рұқсат бастапқы құжат болып табылады және табиғат пайдаланушылар тегін алатын табиғат пайдалануға уақытша құқықтар беруді көздейді.

*Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.27. N 928 қаулысымен.*

Рұқсатта табиғат пайдалану шарттары тек ластағыш заттар көлемін нормалау және қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер бөлігінде көрсетіледі.

3. Рұқсат табиғат пайдаланушылардың ластағыш заттарды атмосфераға тұрақты және жылжымалы көздерден шығару, ластағыш заттарды ағын сумен төгу, уақытша сақталатын өнімдер мен материалдарды қоса алғанда өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру құқығын куәландыратын құжат болып табылады.

Шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын табиғат пайдаланушыларға рұқсат беру қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган берген шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыруға лицензия болған кезде беріледі. <\*>

*Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1104 қаулысымен.*

4. Уақытша сақталатын өнімдер мен материалдар қалдықтар тәрізді қоршаған ортаға әсер ету көздері ретінде қаралады. Бұл ретте табиғи ортада ашық күйінде бір жылда 3 айдан аса орналасқан аршылған және сіңімді кен жыныстары, мұнай өнімдері, көмір, күкірт, улы химикаттар, асфальтбитумды қоспа және металл сынықтары сияқты өнімдер мен материалдар ғана қаралады.

5. Рұқсат мемлекеттік ресми құжат болып табылады, белгіленген үлгіде

толтырылған бланк пен қосымшалардан тұрады. Белгіленген үлгіде толтырылған бланкте ластау түрлерінің (ластағыш заттардың шығарындылары, төгінділері және қалдықтар) жалпы көлемі, қолдану мерзімі және табиғат пайдалану шарттары көрсетіледі. Қосымшалар рұқсаттың ажырағысыз бөлігі болып табылады. Қосымшаларда табиғат пайдаланушылар мәлімдеген ластаудың барлық түрі, олардың мөлшері және ластағыш заттардың ингредиенттерінің шоғырлануы көрсетіледі. < \* >

*Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1104 қаулысымен.*

6. Рұқсатты Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы (бұдан әрі - орталық орган) береді.

Рұқсатты ресімдеу орталық органда да, қоршаған ортаны қорғау саласындағы облыстық, Алматы және Астана қалалық, сондай-ақ басқа да аумақтық басқармаларда (бұдан әрі - аумақтық басқарма) жүргізіледі.

7. Рұқсат табиғат пайдаланушыда ластану түрлерінің бірі орын алып және ол мынадай мөлшерден жоғары болғанда орталық органда ресімделеді:

1) ластағыш заттардың шығарындылары 1000 т/жыл (мұнай-газ өнеркәсібі үшін 100 т/жыл) немесе қауіптілігі бірінші және екінші санаттағы барлық кәсіпорын ластағыш заттардың массасы мен түрлерінің құрамына қарай;

2) ластағыш заттардың төгінділері 1000 т/жыл;

3) орналастырылатын қалдықтар 10000 т/жыл (3 және 4-сыныпты уыттылық) немесе 1000 т/жыл (1 және 2 сыныпты уыттылық).

Орталық орган қызметі "Байқоңыр" ғарыш айлағы, Каспий теңізі, Ертіс, Жайық, Іле, Тобыл және Сырдария шекарааралық өзендері аймақтарын тікелей ластауымен байланысты табиғат пайдаланушыларға да рұқсатты ресімдейді.

8. Қалған барлық жағдайда рұқсатты аумақтық басқарма ресімдейді.

9. Ереженің 16-тармағында көрсетілген мерзімдерде өтініштер берген табиғат пайдаланушылар үшін рұқсаттың қолданылу мерзімі рұқсат сұралатын жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсаны аралығына белгіленеді.

Табиғат пайдаланушы өтініш материалдарын Ереженің 16-тармағында көрсетілген мерзімдерден кешіктіріп берген жағдайда рұқсаттың қолданылу мерзімі берілген күннен бастап сұралатын жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленеді. < \* >

*Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1104 қаулысымен.*

10. Өтініштер мен рұқсаттарда көрсетілетін ластағыш заттар шығарындыларының (төгінділерінің) және орналастырылатын қалдықтардың көлемі туралы ақпараттар көпшілікке мәлім болуы тиіс.

11. Орталық орган қолда бар рұқсаттар бойынша деректер қорын жасайды

және үнемі толықтырып отырады.

12. Рұқсаттың күші мынадай жағдайларда жойылуы мүмкін: табиғат пайдалану тәртібінің, табиғат пайдаланушы кәсіпорын қызметі бағытының өзгеруі, технологияның алмастырылуы; қолданыстағы табиғат пайдалану нормативтерінің ластағыш заттар шығарындылары мен төгінділеріне шектеулерді төмендетуді көздейтін өзгеруі; экологиялық сараптама қорытындысының жарамсыз деп танылуы; табиғат пайдаланушылардың анық емес деректер беруі; ластағыш заттар шығарындылары, төгінділері және орналастырылатын қалдықтар көлемін нормалау кезіндегі есептермен байланысты табиғат пайдаланушылардың қателіктері; экологиялық талаптар мен нормаларды табиғат пайдаланушылардың жүйелі түрде бұзуы (2 реттен астам). <\*>

*Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1104 қаулысымен.*

13. Рұқсаттың күшін жою туралы шешімді қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамада және рұқсаттарда белгіленген шарттар мен талаптарды табиғат пайдаланушы орындамағанын мемлекеттік бақылау органдары анықтаған жағдайларда рұқсат берген орган шығарады. <\*>

Рұқсаттың өзінің күшін жоймай-ақ рұқсатқа ластану түрлері (ластағыш заттар шығарындылары, төгінділері және қалдықтар) бойынша қосымшалар бұл қосымшаны (қосымшаларды) тиісінше алмастыру арқылы кері қайтарып алынуы мүмкін.

Рұқсаттың күшін жою туралы хабарламада күшін тоқтатудың себептері мен күні көрсетілуі тиіс.

Рұқсаттың күшін жою табиғат пайдаланушылардың қоршаған ортаға ластағыш заттар шығару мен төгу, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру құқығынан айырылуына, сондай-ақ арнайы табиғат пайдалану шартын бұзуына әкеп соғады.

*Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1104 қаулысымен.*

14. Рұқсат мөрқағазы нөмірі және берілу күні көрсетілген қатаң есептегі құжат болып табылады. Рұқсаттың бір данасы кәсіпорында, екінші данасы оны ресімдеген органда сақталады.

## **2. Өтініш материалдарын ресімдеудің жалпы мәселелері**

15. Барлық табиғат пайдаланушы рұқсат алу үшін аумақтық басқармаға жазбаша өтінішті, сондай-ақ қосымшаға сәйкес оған керекті құжаттарды қосып тапсырады.

16. Келесі жылға рұқсаттар алуға өтінімдерді заңды және жеке тұлғалар жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар үшін ағымдағы жылғы 1 қазаннан 31 желтоқсанға дейін береді. <\*>

*Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.09.27. N 928 қаулысымен.*

17. Жаңадан ашылатын кәсіпорындар үшін заңды және жеке тұлғалар аумақтық орган анықтайтын ластану туындаған кезге дейін өтінішті ресімдеуі тиіс.

18. Барлық табиғат пайдаланушы өтініштерінің материалдары олардың нормативтік және экологиялық талаптарға сәйкестігін тексеру үшін алдын ала аумақтық басқармаларда 15 күн мерзім ішінде қаралады. Материалдар толық емес көлемде және ластағыш заттар көлемін нормалауда қателіктерімен тапсырылған жағдайда өтініш қарауға қабылданбайды.

19. Ластағыш заттар көлеміне және осы Ереже 1-бөлімінің 7-тармағына сәйкес өтініш материалдары аумақтық басқарманың қорытындысымен бірге орталық органға жіберіледі.

20. Орталық органға жіберілетін өтініштер материалдары өтініш кестелерінің және ластағыш заттар шығарындыларының, төгінділерінің, орналастырылатын қалдықтар көлемінің және табиғат пайдалану шарттарының электрондық нұсқасының жазбасын қамтуы тиіс. <\*>

*Ескерту. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1104 қаулысымен.*

### **3. Рұқсатты орталық органда ресімдеу тәртібі**

21. Рұқсат алу үшін материалдар орталық органда өтініш тіркелген күннен бастап 30 күн мерзім ішінде қаралады. Бұл мерзімге аумақтық басқармалардың өтініштер материалдарын алдын ала қарау уақыты кірмейді.

21-1. Егер орталық органға ұсынылатын өтініштер материалдары Ереженің талаптарына сәйкес келмеген кезде материалдар ескертулерді 30 күн мерзімде жою үшін табиғат пайдаланушыға қайтарылады.

Табиғат пайдаланушы өтініш материалдарын осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген мерзімнен кешіктіріп қайта ұсынған жағдайда рұқсаттың қолданылу мерзімі берілген күннен бастап рұқсат сұралатын жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленеді.

*Ескерту. 21-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1104 қаулысымен.*

22. Рұқсат орталық орган белгілеген нысан бойынша міндетті түрде реттік нөмір беріле отырып, ресімделеді.

**4. Рұқсатты аумақтық басқармада ресімдеу тәртібі**

23. Аумақтық басқармада ресімделетін рұқсатты алу үшін материалдар өтініш тіркелген күннен бастап 30 күннен аспайтын мерзімде қаралады.

24. Рұқсат орталық орган белгілеген нысан бойынша аумақтық органда ресімделеді және орталық орган нөмір берген кезден бастап берілген болып есептеледі.

#### **5. Тараптардың жауапкершілігі**

25. Табиғат пайдаланушы өтініш материалдарында көрсетілген мәліметтердің шынайылығы үшін жауап береді.

26. Аумақтық басқармалар орталық органға жіберілетін өтініш материалдарының жинақылығы, ластаудың сұралатын көлемі есебінің дұрыстығы әрі барлық талапқа сәйкес келуі және аумақтық басқармаларда рұқсаттардың уақтылы ресімделуі үшін жауапты. <\*>

*Ескерту. 26-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1104 қаулысымен.*

27. Орталық орган осы Ереже 1-бөлімінің 7-тармағы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рұқсаттың уақтылы берілуі үшін жауап береді. P981213\_ V990925\_

#### **5-1. Табиғат пайдалануға рұқсатты беруден бас тарту, оның қолданылуын тоқтата тұру тәртібі**

*Ескерту. 5-1-тараумен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.09.27. N 928 қаулысымен.*

27-1. Рұқсат беретін органдар табиғат пайдалануға рұқсатты беруден рұқсат алу үшін ұсынылған материалдар толық емес және күмәнді болған жағдайда бас тартуы мүмкін.

27-2. Табиғат пайдалануға берілген рұқсаттың қолданылуын оны берген орган үш айға дейінгі мерзімге табиғат пайдаланушының рұқсатта көрсетілген табиғат пайдалану шарттарын, қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамада белгіленген экологиялық талаптар мен нормаларды бұзған жағдайда тоқтата тұруы мүмкін.

Рұқсаттың қолданылуын тоқтата тұру табиғат пайдаланушыға қабылданған шешімнің себептері мен табиғат пайдаланушының ластаушы заттардың қоршаған ортаға шығарындылары мен төгінділеріне, өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыруға құқығын тоқтата тұруға әкелетін, оны жою мерзімі туралы жазбаша түрде табиғат пайдаланушыға хабарлама беру арқылы жүзеге асырылады.

Табиғат пайдаланушы хабарламада көрсетілген бұзушылықтарды жойған жағдайда рұқсатты тоқтата тұру жөнінде шешім қабылдаған органның жазбаша түрдегі растауы негізінде рұқсаттың қолданылуы жаңартылады.

#### **6. Рұқсаттың күшін жою тәртібі**

28. Рұқсаттың күшін жоюды рұқсат берген орган жүргізеді. Өзге мемлекеттік органдардың рұқсаттың күшін жоюы жарамсыз деп есептеледі.

29. Мемлекеттік органдар орталық органға немесе аумақтық басқармаға рұқсаттың күшін жою туралы себептерін міндетті түрде көрсете отырып, өтініш береді. Орталық орган күшін жою туралы өтінішті қарағаннан кейін бұзушылықтарды жою немесе жаңа талаптарды орындау үшін табиғат пайдаланушыға ұзақтығы 2 айға дейін мерзім белгілейді.

30. Аумақтық басқарма ресімдеген рұқсаттың күші жойылған ретте рұқсат орталық органдағы тіркеуден шығарылуы қажет. Орталық органнан рұқсаттың есептен шығарылғаны туралы растама алғаннан кейін, рұқсатты ресімдеген тұлға табиғат пайдаланушыны рұқсаттың күші жойылғаны туралы хабарландырады. Орталық органнан есептен шығарылғаны туралы растама алмай тұрып рұқсаттың күшін жоюға тыйым салынады.

31. Аумақтық басқарма ресімдеген рұқсаттан өрескел қателер табылған жағдайда, орталық орган міндетті түрде күшін жою себептері мен фактісі туралы аумақтық басқармаға хабарлай отырып, ол рұқсаттың күшін жоя алады. Қателер аумақтық басқармалардың кінәсінен болған жағдайларда табиғат пайдаланушыларға айыппұл салу жазалары қолданылмайды.

## **7. Бақылау**

32. Аумақтық басқармалар кәсіпорындардың рұқсаттарда белгіленген шарттар мен талаптарды орындауын бақылауды жүзеге асырады.

33. Орталық орган аумақтық басқармалардың рұқсаттарды дұрыс ресімдеуін бақылауды жүзеге асырады.

## **Табиғат пайдалануға рұқсат беру ережесіне қосымша**

*Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.27. N 928 қаулысымен.*

### **Табиғат пайдалануға рұқсат алу үшін қажетті материалдар құрылымы (мазмұны)**

1. Табиғат пайдаланушы туралы деректерді көрсете отырып, арнайы табиғат пайдалануды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаның қолы қойылған өтініш мынадай нысан бойынша:

- 1) ұйым атауы;
- 2) СТН - салық төлеушінің тіркелу нөмірі;
- 3) заңды мекен-жайы: почта индексі, ел, облыс, аудан, елді мекен, көше (мөлтек аудан), үй нөмірі, пәтер (бөлме);
- 4) өнеркәсіп немесе ауыл шаруашылығы саласы (тіркеу куәлігі бойынша негізгі қызметі);
- 5) меншік нысаны (мемлекеттік, жеке меншік, қоғамдық ұйым және т.б.).

2. Ластау көздерінің орналасқан жері туралы деректер мынадай нысан бойынша :

Өнеркәсіп ! Облыс ! Аудан, ! Координаттар, ! Алып жатқан  
алаңының ! !елді мекен! град., мин., сек. ! ауданы, га.  
атауы ! ! !-----!  
! ! ! ендік ! бойлық !

1 ! 2 ! 3 ! 4\* ! 5\* ! 6

\* - 4 және 5-бағандар деректер болған жағдайда толтырылады.

3. Ластағыш заттар шығарындыларының (төгінділерінің) және орналастырылатын қалдықтардың сұралған көлемі мынадай нысан бойынша:

Ш ы ғ а р ы н д ы л а р \*

Заттардың атауы ! Ластағыш заттар !Өткен жылғы\*\*  
! шығарындыларының !іс жүзіндегі шығарынды  
! нормативтік көлемі !

т / ж ы л т / ж ы л  
Барлығы, оның ішінде:  
1 - а л а ң  
2 - а л а ң және т . б .

Т ө г і н д і л е р \*

Заттардың атауы ! Ластағыш заттар !Өткен жылғы\*\*  
! төгінділерінің !іс жүзіндегі төгінді  
! нормативтік көлемі !

т / ж ы л т / ж ы л  
Барлығы, оның ішінде:  
1 - т ө г і н д і  
2 - т ө г і н д і және т . б .

Қ а л д ы қ т а р \*

Қалдықтардың атауы ! Орналастырылатын ! Өткен жылғы\*\*  
! қалдықтардың ! іс жүзіндегі қалдықтар

! нормативтік көлемі!

-----!-----

! т / ж ы л

! т / ж ы л

-----  
Барлығы, оның ішінде:

Өнеркәсіп қалдықтары

Мұнай

Қатты тұрмыстық

қалдықтар және т.б.

----- \* - кестелер бүкіл кәсіпорынның орынның жиынтық деректері түрінде толтырылып, оның құрамында шығарындыларға арналған әрбір өнеркәсіптік алаң және шығарындылар көздері, ағын су төгінділеріне арналған су шығарғыштар және қалдықтарға арналған жинақтауыштар көрсетіледі.

(\*\*) Ластаушы заттардың шығарындыларының, төгінділерінің көлемі және қалдықтарды орналастыру жөніндегі нақты деректерді 9 айға, ал күтілетін деректерді 4-тоқсанға беру қажет.

4. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес ластағыш заттар шығарындыларының (төгінділерінің) және орналастырылатын қалдықтардың қоршаған ортаға әсерлеріне өндірістік мониторинг бойынша жылдық есептер. Шығарындылардың, төгінділердің және орналастырылатын қалдықтардың нормативтік мөлшерінің есептері. Есептердің ресімделуі қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарына сай болуы тиіс.

5. Сұралып отырған ластағыш заттар нормативтік көлемін өткен жылғы іс жүзіндегіге қарағанда көбейтуді негіздеу жөніндегі түсіндірме жазба.

6. Рұқсат алуға өтініштің (қосымшаның 1 - 3-тармақтары), сондай-ақ шығарындыларға, төгінділерге және орналастыратын қалдықтарға лимиттердің (рұқсатқа қосымшалар) магниттік жазылған дискеттері.

7. Апат болу жағдайларының туындау қауіпінен сақтандыру.

8. Шығарындылар бойынша өтініштердің қосымша материалдары:

Пайдалануға алғаш рет енгізіліп отырған немесе технологиялық жағдайлары өзгерген кәсіпорындар үшін шектеулі рауалды шығарындыларға (ШРШ) берілген ластағыш заттардың жылдар мен негізгі ингредиенттер бойынша нормативтік көлемі көрсетілген мемлекеттік экологиялық сараптама.

9. Төгінді бойынша өтініштердің қосымша материалдары:

1) мыналар көрсетілген ағын су қабылдағышының көрсеткіштері: қабылдағыш атауы (өзен, су қоймасы, тоған, сүзгі алаңы және басқалар); қабылдағыштың сипаттамасы (орналасқан жері, көлемі, карталар саны және т. б. ) ;

2) бөлінетін ағын су санаты (нормативті-тазартылған, өнеркәсіптік, шаруашылық-тұрмыстық, тоспа-қашыртқылық, шахталық және басқалар);

3) ағын суды төгу режимі;

4) ағын су мөлшерін бақылау (қабылданған есепке алу және жабдықтар);

5) төгілетін ағын су сапасын бақылау (талдау зертханасын аттестаттау немесе лицензиялау);

6) басқа да су пайдаланушылардан қабылданатын ағын су көлемі (м<sup>3</sup>/сағат, мың. м<sup>3</sup>/жыл) және алдын ала тазартылуы;

7) 2 ТП - су шаруашылығы есебі бойынша өткен жылдағы ағын су төгінділерінің нақты көлемі (м<sup>3</sup>/сағат, мың. м<sup>3</sup>/жыл);

8) белгіленген шектеулі рауалды төгінді (ШРТ) үшін ағын судың бекітілген жұмсалу көлемі (м<sup>3</sup>/сағат, мың. м<sup>3</sup>/жыл);

9) ағын су төгіндісінің мәлімделген көлемі (м<sup>3</sup>/сағат, мың. м<sup>3</sup>/жыл);

10) әрбір су жіберу бойынша ағын судың сапалық сипаттамасы.

10. Қалдықтарды орналастыруға өтініштердің қосымша материалдары:

1) қалдықтардың мыналар көрсетілген сипаттамасы:

қалдықтар пайда болатын технологиялық процесс немесе өндіріс атауы; қалдықтардың жылдық пайда болу, пайдалану, зарарсыздандыру және сақталу көлемі (жиналуға және орналастыруға рауалды көлем есебін келтіру);

қалдықтарды жинау, тасымалдау және сақтау жүйесінің сипаттамасы;

қалдықтың толық химиялық құрамы, қауіптілік сыныбы көрсетілген уытты қосындыларының құрамы.

2) қалдықтардың, сақталу орнының мыналар көрсетілген сипаттамасы:

сақталу орнының атауы, оның ведомстволық тиістілігі; нормалау жылының басындағы жағдай бойынша жиналған қалдықтардың толық көлемі, объектіні пайдалану мерзімі (басы-соңы);

қалдықтардың қоршаған табиғи орта мен халықтың денсаулығына зиянды әсерін болдырмау шарттары (қарсысүзгілік экран, шаңбасу жүйесі, суды жинау мен тазалау және т.б.).